

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ
С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

Факультет Кеңесінің
мәжілісінде
қарастырылды
26. 12. 2023 ж.
№ 5 хаттама

Бекітемін:
Орман шаруашылығы,
жабайы табиғат және қоршаған
орта факультетінің деканы
 Ж.Т. Боранбай
«28» желтоқсан 2023 ж.

6B05201 – «Табиғат пайдалану»
білім беру бағдарламасының
2024-2028 жылдарға арналған
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ
ЖОСПАРЫ

Экология кафедрасының кеңейтілген мәжілісінде қарастырылды
1.12. 2023 ж. № 5 хаттама

Мазмұны

№	Компонент атаулары	беттер
1	Білім беру бағдарламасын (БББ) дамыту жоспарының төлқұжаты	3
2	Білім беру бағдарламасын (БББ) талдау негіздемесі	3
2.1	Білім беру бағдарламасы (БББ) туралы мәліметтер	3
2.2	Білім алушылар контингентін талдау	4
2.3	Білім беру бағдарламасының (БББ) ішкі жағдайларын талдау	4
2.4	Білім беру бағдарламасының (БББ) сыртқы жағдайларын талдау	4
2.5	Білім беру бағдарламасын (БББ) жүзеге асыратын ПОҚ туралы мәліметтер	5
2.6	Білім беру бағдарламасының (БББ) жетістіктерін талдау	7
3	Білім беру бағдарламасының (БББ) дамыту жоспары шешуге бағытталған проблемаларды талдау және оларды шешу қажеттілігінің негіздемесі	7
3.1	Сыртқы және ішкі жағдайлардың SWOT- талдауы	7
4	Дамыту жоспарының негізгі мақсаты мен міндеттері және оларды орындау мерзімдері мен кезеңдері	7
5	БББ үшін тәуекелдің әсерін азайту бойынша іс-шаралар	8
6	Білім беру бағдарламаларын (БББ) дамыту жоспары бойынша іс-шаралар	9
7	Білім беру бағдарламаларын (БББ) дамыту жоспарын жүзеге асыру тетіктері	10

1. Білім беру бағдарламасын (БББ) дамыту жоспарының төлқұжаты

6B052 – «Табиғатпайдалану» білім беру бағдарламасының 2024-2028 жылдарға арналған жоспары

1	БББ дамыту жоспарын даярлауға негіздеме	Қазақстан Республикасының білім беру саясаты, БББ стратегиясы мен бағыты жоспарының мақсатына сәйкес мемлекеттің қажеттілігін қанағаттандыратын, ауқымды іргелі білім мен іс жүзінде тәжірибелі, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті жаңа формация
2	БББ дамыту жоспарының негізгі әзірлеушілері	1. Сатыбалдиева Г.К. - б.ғ.к., доцент, С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ экология кафедрасының меңгерушісі 2. Шупшибаев К.К. - б.ғ.к., С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ экология кафедрасының доценті 3. Бахов Ж.К. - т.ғ.д., С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ экология кафедрасының профессоры 4. Куатбаев А.Т. - б.ғ.к., С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ экология кафедрасының доценті 5. Нурбаева Н.А. - т.ғ.к., С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ экология кафедрасының доценті 6. Утарбаева А.Ш. - б.ғ.к., С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ экология кафедрасының доценті 7. Рахманов С.С. – а-ш.ғ.д., С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ экология кафедрасының аға оқытушысы 8. Шынбергеннова К.Т. - т.ғ.к., С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ экология кафедрасының доценті 9. Андреев В.И. - «НТП Kazecotech» ЖШС, жетекші – жұмыс беруші 10. Богуспаев Е.Б. – «Табиғатпайдалану» БББ, 4 курс 11. Лавринович В. – «Табиғатпайдалану» БББ, 2 курс
3	БББ жүзеге асыру жоспарының мерзімдері	2024 – 2028 жж.
4	Қаржыландыру көздері және көлемі	Қаржыландыру мемлекеттік бюджет тарапынан, сыртқы қаржыландыру көздерін тарту
5	БББ жоспарын жүзеге асырудан күтілетін соңғы нәтижелер	Табиғатпайдалану және қоршаған ортаны қорғау салалары бойынша отандық және әлемдік стандарттарға сай біліктілігі жоғары мамандар даярлау

2. Білім беру бағдарламасын (БББ) талдау негіздемесі

БББ негізгі мазмұны; бітірушілерді даярлаудың жоғарғы сапасы; БББ жүзеге асыруда білім алушылардың қажеттілігі мен танымдық қабілетін ескере отырып қосымша тереңдете даярлау.

2.1 Білім беру бағдарламасы туралы мәліметтер. 6B052 – «Табиғатпайдалану» білім беру бағдарламалары табиғатпайдалану және қоршаған ортаны қорғау салалары бойынша мамандарды теориялық және практикалық даярлауға бағытталған. Білім беру бағдарламасы Ұлттық біліктілік шеңбері және кәсіби стандарттарға, Дублин дескрипторлары мен Еуропалық біліктілік шеңберіне сәйкес дайындалған.

2.2 Білім алушылар туралы мәліметтер. Қазіргі таңда 6B052 – «Табиғатпайдалану» білім беру бағдарламасы бойынша 280 студент білім алуда, олардың ішінде 147 студент – мемлекеттік тілде, 133 студент – орыс тілінде. Жалпыға білім беру гранты бойынша – 194 студент, келісім-шарт бойынша білім алатындар – 86 студент.

2.3 БББ дамыту үшін қажетті ішкі жағдайлар. Жоғарыда аталған білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін сәйкесінше кафедраның мынадай материалдық-техникалық мүмкіндіктері бар: мультимедиялық және проекциялық құралдар, видеокамералар, фотоколориметр КФК-3, вольт-амперметрлік анализатор, муфельдік пеш, BW-05B су моншасы, дистилляторлар, тринокулярлық микроскоп, иономер, CX-22 OLYMPUS бинокулярлық микроскопы, Микромед микроскопы және басқа да құрал-жабдықтар.

Дуалді білім алу мынадай өндірістік базаларда жүргізіледі:

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Ақпараттық-талдау орталығы, КазГиродмет, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, Халықаралық экология академиясы (ХЭА), «Биоалуантүрлілікті сақтаудың Қазақстандық ассоциациясы» РҚҚ, «Қазақстан Республикасының Ұлттық орталығы» РМҚ, «Жасыл Аймақ» РМҚМ, «Астана орманы» АҚ, ұлттық табиғи саябақтар, табиғи ресурстарды басқару және табиғатпайдалануды реттеу басқармасы, облыстық аумақтық инспекциялар және басқа да мемлекеттік мекемелер.

Білім беру бағдарламасы бойынша оқу-әдістемелік құжаттар қазіргі таңдағы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары сияқты нормативті құжаттарға сәйкес білім алудың барлық бағыттары бойынша оқу жұмыс бағдарламалары, академиялық күнтізбе, пәндердің ЭОӘК дайындалған. Дипломдық жұмыстарды орындау үшін сала бойынша келісім-шарттар жасалған кәсіпорындар бар.

Профессорлық-оқытушылар құрамының ғылыми дәрежесінің болуына, олардың отандық ЖОО-да, жақын және алыс шетелдік ЖОО-да, ғылыми-зерттеу мекемелерінде біліктілігін көтеруге және Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігінен, жақын және алыс шетелдік ЖОО-нан жетекші мамандарды шақыруға ерекше мән беріледі.

2.4 Қоршаған социумға сипаттама. 6B052 – «Табиғатпайдалану» білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс берушілер:

1. Астана қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы;
2. Астана ботаникалық бағы – Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Ботаника және фитоинтродукция» РМҚ-ның филиалы – Ражанов Медеу Ражанұлы;
3. «НТП Kazecotech» ЖШС – Жакупова Ажар Маратқызы;
4. Биоалуантүрлілікті сақтаудың Қазақстандық ассоциациясы – Қайырсынова Еңлік Қайырбекқызы.

Білім алушылар практика өту үшін шаруашылық жүргізетін субъектілермен 40 келісім-шарттар жасалған. Төменде негізгі мекемелердің тізімі көрсетілген:

- 1 Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі
- 2 «ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Астана қаласы бойынша экология департаменті» РМБ
- 3 Астана ботаникалық бағы – ҚР ЭТРМ ОШЖДК «Ботаника және фитоинтродукция» ШЖҚ РМҚ-ның филиалы
- 4 ҚР ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі «Казгидромет» ШЖҚ РМҚ
- 5 «Биоалуантүрлілікті сақтаудың Қазақстандық ассоциациясы» РҚҚ
- 6 ҚР ЭГТРМ КЛХЖМ «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМҚ

- 7 Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және ғылым комитетінің "Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі
- 8 Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі
- 9 «Ашық аспан-Астана» ЖШС
- 10 «Экос» ЖШС

Білім алушыларға дуальді білім беруге көп көңіл бөлінеді. Кафедра оқытушылары Академиялық мәселелер департаментінің директоры бекіткен сабақ кестесіне сай аудиториядан тыс сабақтар өткізеді.

Мысалы, 6B052 – «Табиғатпайдалану» білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын 2 курс студенттері «Экосистема және ландшафттық экология» пәні бойынша практикалық сабақты аға оқытушы А.К. Жаманғара Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Ботаника және фитоинтродукция» РМК-ның филиалы – Астана ботаникалық бағында жүргізеді.

2.5 Білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын ПОҚ туралы мәліметтер

Жалпы білім беру, базалық, бейіндік пәндер циклдарына сәйкес 6B052 – «Табиғатпайдалану» білім беру бағдарламасын жүзеге асыруды университеттің профессорлық-оқытушылар құрамы жүргізеді.

Экология кафедрасының ПОҚ штатында білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда 16 қызметкер жұмыс істейді, оның ішінде: профессорлар – 4, доценттер – 5, ғылым докторлары – 2, ғылым кандидаттары – 8 және магистрлер – 5.

1 кесте – 6B052 – «Табиғатпайдалану» білім беру бағдарламасы бойынша ПОҚ ғылыми дәрежелері

Оқу жылы	«Табиғатпайдалану» білім беру бағдарламасы бойынша ПОҚ ғылыми дәрежелері, %
2023-2024	64,7

Кафедра қызметкерлері 2020-2023 жылдар аралығында Қазақстан Республикасында және шетелдерде біліктілікті көтеру курстарынан өтті.

2020-2023 жылдары кафедра профессорлық-оқытушылар құрамы өздері жүргізетін пәндер бойынша Қарағанды қаласындағы «КАЗПРОФИ» ЖШС және Астана қаласындағы «GREEN ORDA» оқу орталығында білімділіктерін көтерді. Сондай ақ ай сайын Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігінің базасында «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК мекемесінде экологиялық кодекс нормаларын түсіндіру бойынша семинарларға қатысады.

Жүргізетін пәндерге сәйкес біліктілікті көтеру және қайта дайындауға сәйкес 2022-2023 оқу жылының мәліметтері 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2. ПОҚ біліктілігін арттыру бойынша мәліметтер.

№	ПОҚ аты-жөні, тегі	Сабақ беретін пән атауы	Білім алған орын және мерзімі
1	Бахов Жумабек Көбейұлы	Қоршаған орта жағдайларын талдау/ Қоршаған орта жағдайларын талдау	«КАЗПРОФИ» ЖШС, 11.07-25.07.2022 ж.

2	Бекпергенова Жұлдызай Боранбайқызы	Жаратылыстанудың экологиялық аспектілері/ Жаратылыстанудың экологиялық аспектілері	«КАЗПРОФИ» ЖШС, 18.07-01.08.2022 ж.
3	Ботабекова Гүлнар Тұрсыханқызы	Агроэкология/ Агроэкология	«КАЗПРОФИ» ЖШС, 18.07-01.08.2022 ж.
4	Жаңабегенов Асқар Оразұлы	Экологиялық картаға түсіру және ҒАЖ/ Экологиялық картаға түсіру және ҒАЖ	«КАЗПРОФИ» ЖШС, 1.08-15.08.2022 ж.
5	Жұмаділов Болат Зулхарнайұлы	«Өсімдіктер қауымдастықтарының экожүйелік қауіпсіздігі және климаттың ғаламдық жылынуына байланысты карантиндік өсімдіктерді қорғау/Табиғатты қорғау биологиясы	«GREEN ORDA» оқу орталығы, 01 маусым – 12 шілде 2022 ж.
6	Жұмаділова Назым Бахытжанқызы	Экологиялық ресурстану/ Экологиялық ресурстану	«КАЗПРОФИ» ЖШС, 11.07.- 25.07.2022 ж.
7	Куатбаев Асхат Тезекбайұлы	Өсімдіктер, жануарлар және микроорганизмдер экологиясы/ Өсімдіктер, жануарлар және микроорганизмдер экологиясы	«КАЗПРОФИ» ЖШС, 25.07 – 8.08.2022 ж.
8	Нурбаева Наиля Абильхасанқызы	Атмосфералық ауаны қорғау/ Атмосфералық ауаны қорғау	«КАЗПРОФИ» ЖШС, 11.07.- 25.07.22 ж.
9	Перзадаева Акмарал Абуқызы	Топырақ қорғау/ Топырақ қорғау	«КАЗПРОФИ» ЖШС, 8.08 – 22.08.2022 ж.
10	Рахманов Сейлхан Султанбекұлы	Органикалық ауыл шаруашылығы/ Органикалық ауыл шаруашылығы	«КАЗПРОФИ» ЖШС, 8.08 – 22.08.2022 ж.
11	Сатыбалдиева Гульмира Калмашқызы	Биологиялық экология / Биологиялық экология	«КАЗПРОФИ» ЖШС, 25.07.– 8.08.2022 ж.
12	Утарбаева Айжан Шарелқызы	Агроэкология/ Агроэкология	«КАЗПРОФИ» ЖШС, 18.07 – 1.08.2022 ж.
13	Шупшибаев Казбек Камалиұлы	Табиғатпайдалану экономикасы/ Табиғатпайдалану экономикасы	«КАЗПРОФИ» ЖШС, 08.08.– 22.08.2022 ж.
14	Шынбергенова Карлыгаш Таканқызы	Қоршаған орта жағдайларын талдау/ Қоршаған орта жағдайларын талдау	«КАЗПРОФИ» ЖШС, 11.07.- 25.07.22 ж.

2.6 БББ білім алушыларының жетістіктерін талдау.

Кафедрада ҚР ҒЖЖБМ тарапынан қаржыландыратын жобалар және білім алушылар қатысатын бастамалық тақырыптар бойынша ғылыми жұмыстар жүргізіледі. Білім алушылардың диплом тақырыптары ғылыми зерттеулердің сол бағыттарына сәйкес келеді.

Экология кафедрасында білім алатындар Республикалық студенттер олимпиадасына қатысып жүлделі орындар, дипломдар алуда.

2022 жылдың 20-21 сәуірінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұйымдастыруымен ZOOM платформасында он-лайн форматта студенттердің XIV Республикалық пәндік олимпиадасы өтті. Олимпиадаға қатысқан «Орман шаруашылығы, жабайы табиғат және қоршаған орта» факультеті, Экология кафедрасының «Табиғатпайдалану» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 3 курс студенттері Болатова София, Жамантаева Камила, Марчук

Екатерина, Алиева Айжарқын, Серікбай Мадияр, Айжарикова Үмітжан (жетекшілері – б.ғ.к., қауымдастырылған профессор Утарбаева А.Ш., аға оқытушы Ботабекова Г.Т.) жүлдеге ие болды. Студенттер өздері білім алатын университеттің намысын жоғары деңгейде қорғап, жобалар бойынша – 1 орын, жекелей сынақтарда 2 және 3 орындар алып (Болатова София, Жамантаева Камила), жалпы командалық есепте 2 орынға ие болды.

2023 жылдың 3 шілдесінде «Болашақ экологиясы» ұлттық жобалық институты ұйымдастырған, «Қазақстандағы экологиялық мәселелер және оларды шешу жолдары» тақырыбында мақалалар конкурсы аяқталды. Конкурс жеңімпазы болып «Табиғатпайдалану» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 3 курс студенті Тұрғұмбаева Аружан Нурланқызы деп танылып (жетекшісі т.ғ.к., доцент Шынбергеннова К. Т.), «Қазақстандағы климаттың өзгеруі және жаңа жағдайларға бейімделу» тақырыбында дайындаған мақаласы көш бастап, басты жүлде – 30 000 теңгеге ие болды.

Еңбек нарығының және жұмыс берушілердің талаптары мен ұсыныстарын ескере отырып элективті пәндер каталогы мен оқу жұмыс бағдарламасына жаңа элективті пәндер енгізіліп тұрады.

Қазіргі таңда табиғатпайдалану мен қоршаған ортаны қорғау мәселелерінің өзекті болуына байланысты табиғатты үнемді пайдалану және қоршаған ортаны қорғау салаларында мамандарға деген қажеттіліктер көбейді. Университетті бітірген соң бітірушілер шаруашылық жүргізетін барлық субъектілерге жұмысқа орналаса алады.

3. Білім беру бағдарламаларын (БББ) дамыту жоспары шешетін мәселелер сипаттамасы және оларды шешудің қажеттілігін негіздеу

Білім беру бағдарламалары табиғатты үнемді пайдалану және қоршаған ортаны қорғау салаларында кәсіби жұмыстар жүргізетін кадрлар даярлау үшін жасалған. Аталған білім беру бағдарламалары бойынша дайындалған кадрлар табиғатты үнемді пайдалану, қоршаған ортаны қорғау, табиғат қорғау іс-шараларын кешенді жүргізуге дайын дағдыларды меңгеру керек. Бұл қоршаған ортаға антропогендік әсерлердің өсуіне, өнеркәсіптердің дамуына, экожүйелердің урбанизацияға ұшырауы мен бұзылуына байланысты, сондай-ақ қазіргі таңдағы мәселелер мен табиғатты үнемді пайдалану және қоршаған ортаны қорғау әдістері, табиғатты тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғау бойынша экспериментальді және теориялық зерттеулер жүргізуге қабілетті болу керек.

3.1 Сыртқы және ішкі жағдайлардың SWOT- талдауы

Strengths – мықты тұстары	Weaknesses – әлсіз тұстары
1. МЖМБС білім беру бағдарламаларының мазмұнының ғылым мен тұтынушылардың заманауи талаптарына сәйкестігі, сондай-ақ түлектің құзыретіне қажеттіліктердің тұрақты өзгеруіне, процестер мен экономикалық интеграцияға байланысты олардың үнемі жаңаруы. 2. Кредиттік оқыту жүйесінің ережелеріне сәйкес білім алушылардың өз бетінше таңдаған траекториясы бойынша білім беру бағдарламаларын игеру процесін кезең-кезеңмен жоспарлау. 3. Білім беру бағдарламаларында теориялық және практикалық оқытудың, өзіндік жұмыстың үйлесімі, сондай-ақ кәсіби қызметке дайындалуға арналған компоненттерді	1. Недостаточное число межвузовских программ обмена обучающимися и стажировок преподавателей.

қамтитын міндетті және элективті пәндердің болуы, оқушының зияткерлік дағдыларын, шығармашылық қабілеттері мен жеке басын дамыту. 4. Жоғары білікті мамандарды даярлауды қамтамасыз ететін білім беру бағдарламаларын, мультимедиялық құралдарды игерудің инновациялық нысандарын, әдістерін әзірлеу және білім беру процесіне енгізу. 5. Пәнаралық байланыс. 6. Жоғары материалдық-техникалық база, компьютерлермен және интернетке қолжетімділікпен қамтамасыз ету, кітапхана қорын жаңарту.	
Opportunities – мүмкіндіктер	Threats – тәуекел
1. Бакалавриаттың білім беру бағдарламасын игерген соң бітірушілердің жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша білім алуға мүмкіндігі бар. 2. Білім беру бағдарламасының жаңа сапалы, оның ішінде халықаралық деңгейге көтеру қабілеті 3. Мамандар даярлауда республикадағы аграрлық бағыттағы ЖОО-ның ынтымақтастығы, білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда тиімділікті көтеруде тәжірибелер алмасу	1. Бәсекелес жоғары оқу орындары ұсынатын орташа нарықтық бағамен салыстырғанда білім беру бағдарламасын төлеу құнының жоғары болуы

4. Білім беру бағдарламаларын (БББ) дамыту жоспарының негізгі мақсаты мен міндеттері және оларды орындау мерзімдері мен кезеңдері

Білім беру бағдарламасы С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ КЕАҚ БББ сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатты дамыту жоспарының мақсаттары мен міндеттеріне және басқа да стратегиялық құжаттарына сәйкес келеді.

6B052 – «Табиғатпайдалану» білім беру бағдарламаларын дамыту жоспары жұмыс берушілердің сұраныстарының негізінде жасалған. Білім беру бағдарламаларын дамыту жоспарының негізгі мақсаты – табиғат қорғау іс-шараларын ескере отырып, барлық табиғи ресурстарды үнемді пайдалануды зерттеу, табиғатты үнемді пайдалану және қоршаған ортаны қорғау бағыты бойынша болашақ кадрларда кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру мақсатында білім беру бағдарламаларының мазмұнын жетілдіру. Білім беру бағдарламаларын игеру орнықты даму мақсаттарына жету үшін табиғатты үнемді пайдалану жолдарын, қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шараларды білуге мүмкіндік береді.

Кесте 3. БББ Даму жоспарының негізгі міндеттері:

№	Мақсаттары	Даму кезеңдері	Даму мерзімдері
1	Толыққанды және сапалы кәсіби білім алу жағдайларын жақсарту және жетілдіру	Бүкіл оқу кезеңдерінде	Кәсіби дағдыларды дамыту үшін білім беру қызметін жақсарту бойынша іс-шаралар жасау

2	Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей стандарттарына және табиғатты үнемді пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі даярлық кадрларын кәсіби құзыреттіліктер түзетін кадрлар даярлау бағыттарының классификаторы талаптарына сәйкес БББ дайындау	Бүкіл оқу кезеңдерінде	БББ мазмұнын жанартуда жұмыс берушілер ұсынған пәндерді және құзыреттіліктерді енгізу
3	Білім алушылардың білім алуының барлық кезеңдерінде эксперименттерді жүргізу аясында өзіндік ізденістік-зерттеу жұмыстарын жүргізуге алғышарттар жасау	Бүкіл оқу кезеңдерінде	Ізденістік-зерттеу және эксперименталды жұмыстар жүргізуді БББ енгізу
4	Кәсіби жұмыстарда отандық және шетелдік тәжірибелерді пайдалануда ғылыми-техникалық ақпараттарды игеру бойынша іс-шаралар жасау	Бүкіл оқу кезеңдерінде	Алынған нәтижелерді өңдеу және талдау бойынша іс-шаралар жүргізу
5	Өзекті және практикалық маңызы бар дипломдық тақырыптар таңдауда ҒЗИ ғалымдары және жұмыс берушілермен кеңестер ұйымдастыру	6В051 – «Агроэкология» БББ бойынша білім алудың аяқталуы	Жұмыс берушілер мен кафедраның ғылыми-зерттеу жұмыстарын (мемлекеттік бюджеттік бағдарламалар) ескере отырып өзекті және практикалық маңызы бар дипломдық тақырыптар тізімін жасау

5. БББ үшін тәуекелдің әсерін азайту бойынша іс-шаралар

БББ іске асырудағы тәуекелдерді азайту БББ дамыту жоспарының маңызды аспектісі болып табылады. Ол тәуекелдерді сәйкестендіруді, бақылау шараларын әзірлеу мен енгізуді, сондай-ақ тұрақты мониторинг пен жақсартуды қамтитын стратегиялық тәсілді талап етеді. Бұл шаралар БББ іске асырудың тиімділігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ оның білім беру қызметтері нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін жақсартуға көмектеседі.

Кесте 4- БББ үшін тәуекелдердің атаулары

№	Тәуекелдердің атаулары	Тәуекелдердің алдын алу жөніндегі іс-шаралар
1	Білім алушылардың шағын академиялық топтары	Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу арқылы осы бейіндегі білім алушылар контингентін қалыптастыру (фейсбук, инстаграм беттерінде БББ бойынша ақпаратты жариялау)

2	Ғылыми және педагогикалық кадрлардың жетіспеушілігі	Докторантураға түсу арқылы ғылыми кадрлар даярлау
3	Бейіндік пәндер бойынша оқу-әдістемелік әдебиеттердің жеткіліксіз болуы	ПОҚ оқу-әдістемелік әдебиеттерін дайындауды және шығаруды жоспарлау

6. Білім беру бағдарламаларын (БББ) дамыту жоспары бойынша іс-шаралар

Білім беру бағдарламасын дамыту жоспары университеттің стратегиялық даму жоспары негізінде әзірленеді және білім беру бағдарламаларының проблемаларын анықтау мен шешудің негізгі құжаты болып табылады

Кесте 5 – 6B05101 – «Агроэкология» білім беру бағдарламаласы бойынша даму жоспары

№	Іс-шаралар	Өлшем бірлігі						Күтілетін нәтижелер	Ресурстық қамтамасыз ету
			2024	2025	2026	2027	2028		
1	Білім беру бағдарламаларын дайындау бойынша академиялық комитет құру	Ай	IX	IX	IX	IX	IX	Университет ректорының бұйрығымен авторлық ұжым анықталады	
2	6B052 – «Табиғатпайдалану» БББ құзыреттіліктері анықтау	Ай	V	V	V	V	V	Құзыреттіліктер анықталады	
2.1	БББ құзыреттіліктері бойынша жұмыс берушілермен бірлесіп жалпы ұстанымдарды дайындау	Ай	V	V	V	V	V	Жұмыс берушілермен бірге БББ құзыреттіліктері бойынша жалпы ұстанымдар дайындалады	
3	Кәсіби стандарттарға сәйкес БББ жасау	Ай	VI	VI	VI	VI	VI	Кәсіби стандарттарға сәйкес БББ жасалады	
4	Жасалған БББ сәйкес БББ бойынша академиялық күнтізбе және оқу жұмыс жоспарын жасау	Ай	VI	VI	VI	VI	VI	БББ сәйкес БББ бойынша академиялық күнтізбе және оқу жұмыс жоспары жасалады	

5	Білім беру бағдарламалары н жаңарту	Ай	VI	VI	VI	VI	VI	Білім беру бағдарламалары жыл сайын жаңартылады	
6	Кафедраның кеңейтілген мәжілісінде жұмыс берушілермен бірге БББ қарастыру	Ай	VI	VI	VI	VI	VI	Кафедраның кеңейтілген мәжілісінде жұмыс берушілермен бірге БББ қарастырылады	
7	Факультеттің ғылыми кеңесінде БББ қарастыру және бекіту	Ай	VI	VI	VI	VI	VI	Факультеттің ғылыми кеңесінде БББ қарастырылады және бекітіледі	
			VI	VI	VI	VI	VI		

Кесте 6- 6B05101– «Табиғатпайдалану» БББ Даму жоспарының ұсынылатын нысаналы индикаторларының тізбесі

№	Нысаналы индикатордың атауы	Өлшем бірл.	Іске асыру мерзімі				
			2024	2025	2026	2027	2028
	Сандық көрсеткіштер						
1*	Білім алушылардың жалпы контингенті	адам.	20	20	20	20	20
2	Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылданған білім алушылардың саны	адам.	20	20	20	25	20
3*	"Алтын белгі" студенттерінің, соңғы үш жылдағы халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздарының, ағымдағы оқу жылындағы президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздарының (1,2,3 дәрежелі дипломдармен марапатталған) жалпы санынан үлесі	%	1	1	1	1	1
4*	Шетелдік білім алушылардың саны	адам.	1	1	1	1	1
5*	Оқу аяқталғаннан кейін 1-ші жылы жұмысқа орналастырылған түлектердің үлесі (түлектердің жалпы санынан)	%	70	70	75	80	80
6	Академиялық ұтқырлық (сыртқы) шеңберінде оқитын студенттер	адам.	1	1	1	1	1

	саны						
7*	Академиялық ұтқырлық (ішкі)шеңберінде оқитын студенттер саны	адам.	1	1	1	1	1
1-бағыт. Академиялық қызметті жетілдіру / ББ мазмұнын жетілдіру							
8*	Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық еуропалық желілердің толыққанды мүшелері болып табылатын және білім беру саласындағы уәкілетті органның тізіліміне енгізілген агенттіктерде мамандандырылған аккредиттеуден/ постаккредиттеуден өту	БББ мөлшері	1	1	1	1	1
9	Бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу	БББ мөлшері	-	-	-	-	1
10*	Рейтингтердегі білім беру бағдарламасының позициялары (Атамекен, АРТА (НААР), QS и др.)	место	-	-	3	3	3
11	Оқу процесіне оқытудың инновациялық әдістерін енгізу	бірл (енгізу актісі)	1	1	1	1	1
12*	Оқулықтар мен оқу құралдарының саны	бірл	-	1	2	3	3
13*	Жұмыс берушілермен тәжірибе бойынша шарттар саны	бірл	3	3	5	5	5
2 бағыт. Кадрлық әлеуетті дамыту							
14*	Оқытылатын пәндер бейіні бойынша біліктілігін арттырудан өткен профессор-оқытушылар құрамының саны (72 сағат)	бірл	2	2	2	3	3
15*	Инклюзивті білім беру бойынша біліктілікті арттырудан/ тағылымдамадан өткен оқытушылар құрамының саны (72 сағат)	ПОҚ саны	-	-	1	1	1
16	Шетелдік жоғары оқу орындарында, ҒЗИ-да біліктілігін арттырудан өткен ПОҚ саны/ ПОҚ үлесі	адам/ %	-	1	1	1	1
17*	Тағылымдамадан өткен ПОҚ саны/ ПОҚ үлесі	адам/ %	-	1	1	1	1
18*	Дәріс оқуға тартылған практик- мамандардың саны	адам	-	1	2	2	2
19*	Шетелден тартылған ПОҚ саны	адам	-	-	1	1	1
3-бағыт. Ғылыми-зерттеу әлеуетін дамыту							
20	Web of Science платформасындағы ақпараттық ресурстар деректері бойынша рейтингтік басылымдардағы жарияланымдар саны	бірл	-	-	1	1	1
21*	ПОҚ жалпы санынан білім беру және зерттеу жобаларына қатысатын ПОҚ үлесі	%	20	20	30	35	40
22*	ПОҚ және білім алушылар іске асырған стартап жобалардың саны	бірл	-	-	1	1	1
23*	"500 ғалым" бағдарламасы шеңберінде әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өткен ғалымдар саны	бірл	1	1	1	1	1
24*	ҒЗЖ шеңберінде алынған, мемлекеттік бюджет есебінен өткізілген патенттер саны	бірл	-	-	1	1	1

25*	Ғылыми жобалардың жалпы санынан ЖЖОКБҰ және ҚР ғылыми-зерттеу ұйымдарымен бірлесіп орындалатын жобалардың үлесі	%	-	-	10	10	20
26*	ҒЖБССҚК жарияланымдар саны	бірл	1	2	2	3	3
27*	Университеттің инновациялық әзірлемелері мен коммерцияланатын жобаларынан алынған кірістердің үлесі	саны	-	-	-	1	1
28*	Авторлық куәліктердің, патенттердің саны	саны	-	-	1	1	1
29	Олимпиадалардың, ҒЗЖ конкурстарының және т. б. жүлдегер – студенттер саны	бірл	-	-	1	1	1
30*	Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын магистранттар мен докторанттардың үлесі	%	-	-	50	50	50
4-бағыт. Инфрақұрылымды және материалдық-техникалық базаны жетілдіру							
31	Кітапхана қорын толықтыру	бірл / %	15	15	30	30	30


* - міндетті индикатор.

7. Білім беру бағдарламаларын (БББ) дамыту жоспарын жүзеге асыру тетіктері

БББ дамыту жоспарын әзірлеу тұжырымдалған нақты міндеттерді шешу арқылы қойылған мақсатқа қол жеткізуге бағытталған іс-шараларды іске асырудың кешенді тәсілін қамтамасыз етеді, жоспарлы іс-шаралардың толық көлемінде орындалуына ықпал етеді.

Даму жоспарын іске асыру мониторингі бағыттар бойынша даму көрсеткіштерінің орындалуы туралы ақпаратты талдау және жинақтау арқылы жүзеге асырылады. Мониторинг жүргізу қорытындысы бойынша академиялық комитет даму жоспарын іске асыру бойынша есеп дайындайды. Есеп еркін нысанда жасалады, факультет деканына жіберіледі және жалпы университеттің даму стратегиясын бағалау үшін стратегиялық көрсеткіштер мен нәтижелер шеңберінде факультеттің жылдық есебін жасауға негіз болып табылады.

Кафедра меңгерушісі



Сатыбалдиева Г.К.